

«6D020100 - Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шұршітбай Майраның “Қазақ дүниетанымындағы ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалының қалыптасуы мен дамуы (философиялық талдау)” тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Көптеген жаһандық мәселелер ойлау сипатының, дүниетаным мен құндылықтардың өзгеруінің салдарынан туындаған. Сондықтан қазіргі күні адамзат өзін, мәні мен мақсатын қайтадан қаруы керек. Қазіргі адамның ерекшелігін түсіну үшін оның жүріп откен жолына коз жүгіртіп, дәстүрлі дүниетанымы мен құндылықтарын зерттеу қажет. Адамгершілік мәселелеріне оралу, оларды этикалық байыптау, қазақ халқының руханилығын жаңғыру бүтінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі. Қазіргі әлемдегі этикалық ахуалдың өткір мәселелері, ондагы лайықты өмір сүру және әлемдік философиялық дәстүрлердің алуан түрлілігі жағдайында бірлікті іздеу, сондай-ақ адамзаттың бірынғай адамгершілік санасын қалыптастырудың маңызды этикалық бағыттағы зерттеулердің маңызы артary сөзсіз.

Бүгінгі таңда жас ұрпақтың әлеуметтенуіне ықпал ететін адамгершілік қасиеттерді мақсатты түрде қалыптастыруға үлкен мән беру қажет. Ал қазіргі шындық тәрбие жүйесіндегі өте күрделі мәселелердің бар екенін көрсетеді: нашақорлық, жезекшелік, психикалық аурулардың өсуі, тұтынушылық, немісрайлылық, рухани қажеттіліктер деңгейінің күрт төмендеуі. Жалпы ультра либералды құндылықтар дәстүрлі мәдениетті ығыстырып отырған кезеңде тәрбие жүйесін жандандыру бірнеше себептерге байланысты қындықтар туғызады. Біріншіден, әлеуметтік-экономикалық институттарды трансформациялау процесінде қоғам дамуының дүниетанымдық, рухани негіздеріне қатысты қоғамдық санауда өте жағымсыз үрдістер қалыптасты. Жас ұрпақтың әлеуметтенуі отбасы институты мен білім беру жүйесіндегі тәрбиелік бағдарлардың айтартылтай тұраксыздығы аясында дамып келеді. Екіншіден, қалыптасқан әлеуметтік байланыстардың үзіліуі қоғамда “әркім өзі үшін” қағидатының қалыптасуына әкелді. Эркім өз таныстарымен және туыстарымен өз бетінше өмір сүруге тырысады. Мұндай жағдайда қоғамдық мұдделер еленбейді, жеке және топтық озімшілдік бірінші орынға шыгады.

Мемлекет басшылығының жана Қазақстанды жариялауы біздің қоғамда қалыптасқан рухани-адамгершілік жағдайдың кемістігін мойындағанын білдіреді. Қазіргі дамыған елдерде мемлекеттіліктің қалыптасу тарихы қоғам өзінің объективті қажеттіліктеріне сәйкес келетін адамдарды тәрбиелей бастағандағандағанда толыққанды өмір сүре алғатындығын және тұракты дами алғатындығын көрсетеді. Бірақ бүгінгі Қазақстан қоғамына қандай адам керек? Біздің қоғамның өркендеуі үшін азаматтар қандай ақыл-ой, адамгершілік және іскерлік қасиеттерге ие болуы керек?

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс қоғамды ізгілендірудің маңызды тәсілдерінің бірі ұлттық мәдениеттерді жаңғырту және дамыту болып табылатындығын негіздеумен байланысты. Ізденушінің тұжырымдары бойынша, қоғамдағы әлеуметтік-саяси, экономикалық тұтастық пен қоғамдық келісімді қолдау үшін, ең алдымен, қоғамдық дамудың заманауи талаптарына сәйкес келетін жаңа, адамгершілік қагидаттарына негізделген тәрбие және білім берудің жұмыс істеу үлгісін әзірлеу кажет. Яғни, тәрбие және білім беру жүйесі арқылы жастардың өмірлік бағдарларын қалыптастыру процесіне әсер етуге болады. Тәрбие беру жүйесі қоғамды ізгілендіру тетігі болып табылады, ойткені жастар - қоғамның негізгі әлеуеті. Жастардың моральдық-адамгершілік жағдайы қоғамның прогрессивтілігінің сезімтал көрсеткіші болып табылады.

Диссертациялық жұмыста әлеуметтік саладағы қазіргі жағдай тәрбие және білім беру мекемелерінің алдына жастардың санасында қоғамдық түсініктер мен көзқарастарды қалыптастыру бойынша ең күрделі міндеттерді қоятындығы дәлелденеді. Сондықтан қоғамдық идеялар мен көзқарастардың негізін қазақстандық қоғамның жалпызамааттық және этникалық топтасуына, этносаралық қатынастар мәдениетін, ұлтаралық толеранттылық пен ақыл-ой үйлесімділігін қалыптастыруға ықпал ететін адамгершілік, келісім мен төзімділік, құндылықтар мен идеалдар құрауы тиіс, ойткені осы негізде рухани және адамгершілік саладағы жағымсыз үрдістерді енсеруге болады.

Зерттеудің негізгі идеясы бойынша, жалпызадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың арақатынасы мәселелерін шеше отырып, тәрбиелеу жас адамға белгілі бір ұлттық мәдениеттің өкілі ретінде өзін-өзі тануға, сондай-ақ азаматтың ұлттық санасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жаһандану үдерістерінің қүшесінде оку орындары шығыс менталитетінің тәжірибесін сынни тұрғыдан игеруі, жастарды рухани-адамгершілік дәстүрлер, халықтың бай мәдени мұрасы рухында тәрбиелеуі тиіс. Біздің мәдениетіміз Шығыс пен Батыс, Еуропа мен Азия мәдениетінің элементтерін өзіне сіңірді. Қазақстан - дәстүрлі мәдениетінің күшті өзегі бар көпмәдениетті, копконфесиялы мемлекет болып табылады. Қазақстанда халқының рухы мен менталитетіне сәйкес келетін ұлттық тәрбие беру үлгілері бар. Адамдарды бір-бірінен алшактату емес, оларды шоғырландыру, өзара түсіністік және халықтар мен мемлекеттер арасында бейбітшілік құру құралы болуы керек.

Тарихи тәжірибе мен әлемдегі қазіргі жағдай әлеуметтік шындықты гуманистік принциптер негізінде қайта құру қажеттілігін өзектендіреді. Диссертациялық жұмыста ізденуші қазақ ұлтының коды шоғырланған, оның рухани құндылықтары мен адамгершілік нормалары, адам болмысының магиналары қамтылған ұлттық мәдениеттің тәрбиелік мәнін анықтаган.

Осылайша, қазіргі Қазақстандағы рухани-адамгершілік тәрбиенің басты мәні қоршаған органды қорғауды және сақтауды, адам мәртебесін жоғары бағалауды, әлемнің өзіндік ұлттық бейнесін дамыта отырып, еліміздің әртүрлі мәдениеттері мен діндерін құрметтей алатын тұтас, рухани жетілген адамды

калыптастыру процесі болып табылады. Бұл - жастарды тәрбиелеудің казақстандық үлгісі.

Қарастырылып отырған диссертациялық жұмыс тарихи-философиялық түрғыда орындалған және казақ философиясы тарихындағы тұлғаны қалыптастыру, тәрбие беру мәселесін талдауға арналған. Зерттеуші диссертациясында мәдени-тарихи тәсіл, анализ және синтез, нақтылық, тұтастық принциптерін қолданған, сонымен қатар герменевтикалық талдау жасалған.


Диссертант тақырыштың зерттелу деңгейін жоғары дәрежеде менгерген, тақырып бойынша жарияланған ғылыми әдебиеттермен жақсы таныс екендігін көрсеткен.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және практикалық маңызы жоғары, нәтижелерінің жаңалық дәрежесі жоғары, олар қазақ философиясының мәселелерінің аясын көнегітеді, мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді, оку процесінде колдануға болады. Мәтін мазмұнды, нәтижелер дәйекті.

Диссертация тақырыбы бойынша Шұршітбай Майраның Скопус базасына енетін журналда 1 макала, КР ФЖБМ Комитетінің журналдарында 4 макала, көптеген конференция материалдарында макалалары жарияланды.

“Қазақ дүниетанымындағы ізгіліктік-әтикалық тәрбие идеалының қалыптасуы мен дамуы (философиялық талдау)” тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жоғары ғылыми-теориялық деңгейде және диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған, ал оның авторы Шұршітбай Майра «6D020100 - Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Ғылыми кеңесші,
философия ғылымдарының докторы,
профессор



A. Safigazy А. Сағиқзы

